Әділет

# Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 қаңтарда № 14740 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы 7-бабының 3)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы "Мемлекеттік статистика туралы" Заңы 16-бабының 3-тармағы 2)-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидалары бекітілсін.

2. "Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № 35 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13359 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Мемлекеттік қызметтер департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын бақылау және бағалау мәселелеріне жетекшілік ететін Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік қызмет істер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы* | *Қ. Қожамжаров* |

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
________________________ Д. Абаев
2016 жылғы "___"____________

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
__________________ Н. Айдапкелов
2016 жылғы "___"_______________

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі Төрағасының
2016 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 78 бұйрығымен бекітілген

## Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының м.а. 25.06.2024 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидалары Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңына ( бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, каладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдарға, олардың ведомстволарына,

жергілікті атқарушы органдарға ведомстволық бағынысты ұйымдардың, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) және оның филиалдарының, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілері) мемлекеттік қызметтер көрсетуі сапасына мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қызметіне мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылауды мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) лауазымды адамдары, ал облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, орталық мемлекеттік органдар мен ведомстволарының, оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың аумақтық бөлімшелерінің, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, Мемлекеттік корпорацияның және оның филиалдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалардың қызметіне мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылауды өз құзыреті шегінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары, уәкілетті органның басшылығының тапсырмасы бойынша уәкілетті органның лауазымды адамдары жүргізеді.

3. Мемлекеттік бақылау мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) заңдылық;

2) объективтілік;

3) бейтараптық;

4) анықтық;

5) жан-жақтылық;

6) ашықтық.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау:

1) жергілікті жерге бару арқылы не лауазымды адамдарды шақырып және (немесе) материалдарды сұрата отырып, жергілікті жерге бармай тексеру;

2) ақпараттық жүйелерге қол жеткізу арқылы не есептік ақпарат пен өзге де мәліметтер негізінде байқау жолымен жүргізіледі.

5. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау нысанасы болып табылады.

6. Тексерулерді есепке алу уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына сыртқы мемлекеттік бақылау жүргізудің тәртібі

7. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасын сақтауын жоспарлы, жоспардан тыс тексеру және байқау нысанында жүргізеді.

8. Осы тараудың ережелері қарсы барлау қызметін және кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға, қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға байланысты қатынастарға қолданылмайды.

### 1-параграф. Тексеру жүргізудің тәртібі

9. Тексерулер Заңның 27-1-бабының 1-тармағында көрсетілген түрлерге бөлінеді, бұл ретте:

1) жоспарлы тексерулер кешенді болып табылады және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге бағытталады;

2) жоспардан тыс тексерулер пәндік болып табылады және оларды жүргізу үшін негіз болған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге бағытталады.

10. Жоспарлы тексеруді тағайындауға Заңның 27-1-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен жартыжылдық тексеру жоспары негіз болып табылады.

Бұл ретте тексеруші лауазымды адамдардың құрамы уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

Тексеруші лауазымды адамдардың құрамы өзгерген кезде уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі бұл туралы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісін осындай шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабардар етеді.

11. Жартыжылдық тексеру жоспары оларға қатысты жоспарлы тексеру тағайындалған мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің тізімі түрінде олардың атаулары міндетті түрде көрсетіле отырып қалыптастырылады.

12. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісі Заңның 27-1-бабының 4-тармағында көзделген жағдайлардың бірі болған кезде тексеру жоспарына енгізілуі мүмкін.

13. Жоспардан тыс тексеру 6-тармақта көзделген негіздер бойынша тағайындалады және заңның 27-1-бабының 8-тармағына сәйкес жүргізіледі.

14. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамының тексеру жүргізуді бастау туралы шешімі Заңның 27-2-бабының 3-тармағына сәйкес хабарлама түрінде ресімделеді

Жоспарлы тексерудің басталғаны туралы хабарлама осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның басталуына дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын және жоспардан тыс тексеру басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын жіберіледі.

Тексеру орнына бармай тексеру жүргізу кезінде тексеру жүргізуге уәкілетті адам мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің лауазымды адамдарын олардың келетін күні мен уақытын көрсете отырып сұрау салу жолымен шақырады және (немесе) қажетті материалдарды ұсынуды сұратады.

15. Тексеру жүргізу мерзімі Заңның 27-2-бабының 4-тармағына сәйкес тоқтатыла тұрады.

Тексеру жүргізу мерзімдері тоқтатыла тұрған және қайта басталған кезде уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі бұл туралы осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша осындай шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісін хабардар етеді.

Тексеруді жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғасады.

16. Тексеру барысында тексеруді жүргізетін уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамы тексеру аяқталған күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеру нәтижелері туралы анықтаманың жобасын жасайды және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілеріне, сондай-ақ Заңның 27-1-бабы 6-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдарға жібереді.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісі, сондай-ақ Заңның 27-1-бабы 6-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдар тексеру жүргізетін уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары жүргізетін тыңдауға қатысуға және тексеру нәтижелері туралы анықтаманың жобасына оны алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қарсылық ұсынуға немесе айтуға құқылы.

18. Тексеру нәтижелері туралы анықтаманың жобасына келіп түскен қарсылықтарды қарау нәтижелері бойынша тексеру жүргізетін уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары тексеру нәтижелері туралы анықтама жасайды не белгіленген мерзім шегінде елеулі маңызы бар мәліметтерді

қосымша зерделеу жөнінде шаралар қабылдайды, оның ішінде тексеру жүргізуді тоқтата тұрады.

19. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын бұзушылықтар тексеру нәтижелері туралы анықтамамен расталатын жағдайларда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің атына тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы, сондай-ақ осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұзушылыққа жол берген адамдардың жауапкершілігін қарау туралы қараулы міндетті ұсыным енгізіледі.

20. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің онда көрсетілген бұзушылықтарды күнтізбелік отыз күн ішінде жою бойынша шаралар қабылдай отырып қарауына жатады.

21. Егер анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды орындау үшін қосымша уақыт және (немесе) қаржылық шығындар талап етілсе, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісі оған көрсетілген ұсынымды тапсырған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен уәкілетті органға және ( немесе) оның аумақтық бөлімшесіне жүгіне алады.

Өтініште мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісі бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шараларды және бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептерін баяндайды.

Уәкілетті орган және (немесе) оның аумақтық бөлімшесі өтініште жазылған дәлелдерді ескере отырып, үш жұмыс күні ішінде бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту немесе уәжді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

22. Көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға кедергілер жасалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын бұзушылықтар бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта жүгіну қажеттілігінсіз қалпына келтіру жөніндегі шаралар да қабылданады.

23. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды қарау қорытындылары туралы ақпарат уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне ол қаралған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жіберіледі.

24. Ақпарат ұсынылмаған жағдайда уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері Заңның 27-1-бабы 6-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындайды.

25. Уәкілетті органмен және оның аумақтық бөлімшелерімен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген

тәртіпте әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылады және әкімшілік істер қаралады.

26. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің лауазымды адамдарының іс-әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық немесе қылмыс, не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшылығы тексеру материалдарын тиісті уәкілетті органдарға жолдау бойынша шаралар қабылдайды.

27. Тексеруді тоқтатуға:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісін тарату;

2) арыз иесінің бұрын берілген өтінішті кері қайтарып алу өтініші негіз болып табылады.

28. Мемлекеттік корпорация және оның филиалдары жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өтініштері, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар және әріптестік ұйымдардың мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдауы және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беруі кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын сақтамау туралы ақпарат болған кезде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің сұрау салуы бойынша қажетті материалдар және мәліметтер береді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын сақтамау фактілері расталған жағдайда уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері Мемлекеттік корпорацияға және оның филиалдарына тиісті шаралар қабылдау үшін хат жібереді.

**2 - параграф. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасының сақталуына байқау жүргізу тәртібі**

29. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілері уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарына мемлекеттік қызметтер көрсету және олардың мониторингі жөніндегі ақпараттық жүйелерге қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

30. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілері қызметінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі нысанасын уәкілетті органмен және оның аумақтық бөлімшелерімен байқау:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету және олардың мониторингі жөніндегі ақпараттық жүйелерде көрсетілген мәліметтерді;

2) тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 15-інші күніне дейін ішкі бақылау шеңберінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілері ұсынатын ақпаратты;

3) "электрондық үкімет" веб-порталыны, көрсетілетін қызметті берушілердің интернет-ресурстары және бұқаралық ақпарат құралдарының деректерін;

4) мемлекеттік қызметтерді көрсету сұрақтары бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдар ұсынған мәліметтерді талдау арқылы жүзеге асырады.

31. Байқау шегінде жүргізілетін талдау нысанасы болып келесі фактілер табылады:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін сақтамау;

2) мемлекеттік қызметтер көрсетуден негізсіз бас тартулар;

3) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде көзделген құжаттардың толық топтамасы болмаған кезде, сондай-ақ сол құжаттардың немесе мәліметтердің тізбесі олардың талаптарына сәйкес келмеген кезде мемлекеттік қызметтер көрсету;

4) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тізбеде көзделмеген құжаттарды талап ету;

5) құжаттар тізбесі мен мазмұны бірдей өтініштер бойынша бірнеше рет бас тарту;

6) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін сақтамау.

32. Уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшылығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуына байқау нәтижелері бойынша:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісі басшысының атына Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуының байқау қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту, көрсетілетін қызметті алушының бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша ұсынымдар жолдау туралы;

2) байқау нәтижелеріндегі ақпаратты назарға алу туралы;

3) Заңның 27-1-бабы 6-тармағының 4) тармақшасында және осы Қағидалардың 25-тармағында көзделген шараларды қабылдау туралы шешімдер қабылданады.

33. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық немесе қылмыс не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда, уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшылығымен байқау материалдары тиісті уәкілетті органдарға жолданады.

**3-тарау. Ішкі бақылауды жүргізу тәртібі**

34. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау - бақылау іс-шарасы және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасы талаптарын сақтауы бойынша ішкі байқау нысанында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелерін үйлестіретін тиісті құрылымдық бөлімшелерімен және (немесе) жауапты тұлғаларымен (бұдан әрі – ішкі бақылау қызметі) жүргізіледі.

35. Орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының ішкі бақылау қызметі орталық мемлекеттік орган мен оның ведомствосы, орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері және оның ведомствосы, ведомстволық бағынысты ұйымдар, сондай-ақ қызметін үйлестіру орталық мемлекеттік орган мен оның ведомствосының қарамағында болатын жеке және заңды тұлғалар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау жүргізеді.

36. Орталық мемлекеттік органның аумақтық органының (бөлімшесінің) және оның ведомствосының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы ішкі бақылау қызметі аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының аумақтық органдары (бөлімшелері) көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына ішкі бақылау жүргізеді.

37. Жергілікті атқарушы органның ішкі бақылау қызметі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау жүргізеді.

38. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органының ішкі бақылау қызметі ведомстволық бағынысты ұйымдар, сондай-ақ қызметін үйлестіруді облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органы жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына ішкі бақылау жүргізеді.

39. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерін бақылау іс-шараларының жартыжылдық жоспарына іріктеу осы Қағидалардың 12-тармағының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

**1-параграф. Бақылау іс-шарасын өткізу тәртібі**

40. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің бұзушылықтарын анықтау, жою және оларға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын сақтау тұрғысынан ішкі бақылау қызметтерін жүзеге асыратын өзара байланысты бақылау іс-қимылдарының кешені бақылау іс-шарасы болып табылады.

41. Бақылау іс-шарасын өткізуге негіз болатын құжаттар:

жоспарланатын кезеңнен (жылдан) алдыңғы жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірмей, орталық мемлекеттік орган немесе оның ведомствосы, орталық мемлекеттік органның немесе оның ведомствосының аумақтық органы (бөлімшесі), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының, атқарушы органының бұйрығымен бір жылға бекітілетін бақылау іс-шараларының жоспары;

орталық мемлекеттік орган немесе оның ведомствосы, орталық мемлекеттік органның немесе оның ведомствосының аумақтық органы (бөлімшесі), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы, атқарушы органы басшылығының нақты фактілер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын байқау нәтижелері, уәкілетті органның немесе оның құрылымдық бөлімшелерінің, құқық қорғау органдарының тапсырмалары, мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарын бұзу фактілері бойынша ақпараты, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманы бұзу туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар және сұрау салу жолымен зерделенген ақпараттар негізінде бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрығы (шешімі).

42. Бақылау іс-шараларының жоспарында бақылауға жататын мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің тізбесі, бақылау іс-шараларын өткізу мерзімдері және жауапты орындаушылар көрсетіледі.

43. Бақылау іс-шарасын өткізу мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі мен қойылған міндеттерді ескере отырып белгіленеді және он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

44. Бақылау іс-шарасын өткізу мерзімдері осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген тәртіппен және негіздер бойынша тоқтатыла тұрады және қайта басталады.

45. Бақылау іс-шарасын өткізу басталар алдында ішкі бақылау қызметінің қызметкері бақылау іс-шарасын өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісін хабардар етеді.

46. Бақылау іс-шарасын өткізудің басталуы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің басшысына бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрықты тапсырған күн болып есептеледі.

47. Бақылау іс-шарасын өткізу кезінде ішкі бақылау қызметінің қызметкерлері:

1) белгілеген мерзімде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінен бақылау іс-шарасын жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұратады және алады;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының және заңмен қорғалатын өзге де құпияның талаптарын сақталуын ескере отырып, бақылау

іс-шарасы мәселелеріне жататын мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады;

3) мемлекеттік қызметтерді көрсету және мониторингінің ақпараттық жүйелерінде көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы, мемлекеттік қызмет көрсетуге келіп түскен шағымдар және оларды қарау нәтижелері туралы ақпаратты пайдаланады;

4) ішкі бақылау қызметтерінің құзыретіне кіретін өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

48. Бақылау іс-шарасын өткізуге мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісімен азаматтық-құқықтық және еңбек қатынастарында тұрмайтын сарапшылар, сараптамалық ұйымдар және мамандар тартылады.

49. Бақылау іс-шарасы аяқталғаннан кейін ішкі бақылау қызметтерінің қызметкерлерімен бақылау іс-шарасының актісі жасалып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің басшысына оны тағайындау туралы бұйрықта көрсетілген бақылау іс-шарасы аяқталған мерзімінен кешіктірмей танысуға жіберіледі.

50. Бақылау іс-шарасының актісінде:

1) бақылау іс-шарасы актісінің жасалған күні, уақыты және орны;

2) бақылау іс-шарасы жүргізілген мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің атауы; мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісі басшысының, сондай-ақ бақылау іс-шарасын өткізуге қатысқан адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы;

3) бақылау іс-шарасын жүргізуге негіз болған бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі;

4) бақылау іс-шарасын өткізген ішкі бақылау қызметі қызметкерлерінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және лауазымы;

5) бақылау іс-шарасын өткізу күні, орны және кезеңі;

6) бақылау іс-шарасының нәтижелері туралы мәліметтер, бар болса-анықталған фактілер туралы ақпарат;

7) мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсетудің объективті және субъективті себептерін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасы талаптарының орындалмауын салдарын көрсете отырып талдау;

8) бақылау іс-шарасын өткізген ішкі бақылау қызметі қызметкерлерінің қолы.

51. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің басшысы бақылау іс-шарасының актісін танысуға ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ішкі бақылау қызметіне бақылау іс-шарасының нәтижелерімен келісетіні туралы хабарлайды, ал келіспеген жағдайда бақылау іс-шарасының актісіне қарсылықтарды еркін нысанда жібереді.

52. Ішкі бақылау қызметі бақылау іс-шарасы аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өзінің мемлекеттік органының басшысына бақылау іс-шаралары актісі мен материалдарды ұсынады.

53. Бақылау іс-шарасының актісі мен материалдарын қарау нәтижелері бойынша келесідей:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісі басшысының атына анықталған бұзушылықтарды, оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, мемлекеттік қызметтер көрсетудің ішкі рәсімдерін жетілдіру, мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын бұзуға жол берген кінәлі адамдарды жауапқа тарту, көрсетілетін қызметті алушының бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау жөнінде хат жолдау туралы;

2) бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлар болмаған жағдайда, бақылау іс-шарасының материалдары мен актісінде қамтылған ақпаратты назарға алу туралы;

3) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 465, 475-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін анықтаған кезде уәкілетті органды немесе оның аумақтық бөлімшелерін хабардар ету туралы шешімдер қабылданады.

54. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісі шаралар қабылдау туралы хатта көрсетілген мерзімдерде ішкі бақылау қызметіне қабылданған шаралар туралы ақпратты және растайтын құжаттардың көшірмелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасының бұзылуына кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы ақпаратты ұсынады.

**2-параграф. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуына ішкі байқау жүргізу тәртібі**

55. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілері ішкі бақылау қызметінің қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету және олардың мониторингі жөніндегі ақпараттық жүйелерге қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

56. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасының талаптарын сақталуы бойынша ішкі байқауды тоқсан сайын ішкі бақылау қызметтері талдау жолымен жүргізеді:

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету және олардың мониторингі жөніндегі ақпараттық жүйелерде көрсетілген мәліметтер;

2) тоқсан сайын ішкі бақылау шеңберінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілер ұсынатын ақпаратты;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

4) "электрондық үкіметтің" веб-порталын, көрсетілетін қызметті берушілердің интернет-ресурстарын және бұқаралық ақпарат құралдарын;

5) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мәселелері бойынша ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынған мәліметтер.

57. Ішкі байқау шегінде жүргізілетін талдау нысанасы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны туралы ақпарат, сондай-ақ келесі фактілер болып табылады:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу;

2) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту мерзімдерін бұзу;

3) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде көзделген құжаттардың толық топтамасы болмаған, сондай-ақ онда көрсетілген құжаттар немесе мәліметтер тізбесі заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету;

4) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тізбеде көзделмеген құжаттарды талап ету;

5) ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап ету;

6) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзу;

7) мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту;

8) құжаттар тізбесі мен мазмұны бірдей өтініштер бойынша бірнеше рет бас тарту;

9) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде көзделген жұмыс кестесін сақтамау;

10) Қазақстан Республикасының заңдарымен тегін ұсынуға кепілдік берілген мемлекеттік қызметтерді ақылы негізде көрсету;

11) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің орындалу сатысы туралы сұрау салуларға жауаптардың болмауы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы толық емес және дәйексіз ақпарат беру;

12) мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдарды қарау мерзімдерін бұзу;

13) қызмет алушылардың шағымдарын толық қанағаттандырмау;

14) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың талаптарын бұзу.

58. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын ішкі байқау қорытындылары бойынша ішкі бақылау қызметтері:

1) мемлекеттік қызметтер көрсетудің бизнес-процестерін жетілдіру, оның ішінде оларды автоматтандыру, оңтайландыру және оларды электрондық түрге көшіру;

2) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі

министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19982 болып тіркелген) бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын сақтамау бойынша анықталған бұзушылық фактілерін жою;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын бұзу фактілері бойынша бақылау іс-шараларын жүргізу;

5) көрсетілетін қызметті алушыларды мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы хабардар ету жөнінде түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

6) мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 465, 475-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде уәкілетті органды немесе оның аумақтық бөлімшелерін хабарлау бойынша ұсыныстар әзірлейді.

59. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының сақталуына ішкі байқау қорытындылары бойынша ұсыныстар, оларды орындау бойынша қабылданған шаралар туралы хабардар ету мерзімін көрсете отырып, кейіннен мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектілеріне жіберу үшін мемлекеттік орган басшылығының қарауына енгізіледі.

**3-параграф. Уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне ішкі бақылау жөніндегі жұмыс туралы есептерді ұсыну**

60. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талдамалық анықтаманы қоса отырып, ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есепті тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 15-інен кешіктірмей:

орталық мемлекеттік органдар - уәкілетті органға;

орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық органдары (бөлімшелері) - уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне ұсынады.

жергілікті атқарушы органдар - уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне ұсынады.

Есеп орталық мемлекеттік орган, оның ведомстволары, аумақтық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық органдары (бөлімшелері), қызметін үйлестіруді мемлекеттік орган жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты ұйымдар, жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың жергілікті атқарушы органдары, облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың,

кенттердің, ауылдардың әкімдері, қызметін үйлестіруді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты ұйымдар, жеке және заңды тұлғалар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылаудың қорытындыларын қамтиды.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалалардың, астананың атқарушы органдары мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына ішкі бақылау бойынша есепті бекітілген нысан бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ыншы күнінен кешіктірмей береді.

61. Осы Қағидаларға 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 25-інші күніне дейін талдамалық анықтаманы қоса отырып, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган уәкілетті органға Мемлекеттік корпорация, әріптестік ұйымдар арқылы және электронды түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша ақпаратты ұсынады.

Есеп Мемлекеттік корпорация және оның филиалдары, әріптестік ұйымдар арқылы және электронды түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны бойынша деректерді қамтиды.

62. Ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы ұсынылған есеп мемлекеттік органдар түзету қажеттігі туралы растайтын материалдарды ұсынған жағдайда ғана есептік жылдың төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің түзетуіне жатады.

Мемлекеттік қызметтер
көрсету сапасын мемлекеттік
бақылау қағидаларына
1-қосымша
Нысан

**Тексеруші лауазымды адамдар құрамының өзгеруі туралы хабарлама №_____**

"____"_________20____жыл
уақыты _____

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті

органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы

__________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________

2. Тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

және оның лауазымы

____________________________________________________________________________

3. Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, кеңесшілер және сарапшылар туралы
мәліметтер

____________________________________________________________________________

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің,
объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің
атауы, оған қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің
аты (бар болса), оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-
сәйкестендіру нөмірі, аумақтың учаскесі

____________________________________________________________________________

5. Тағайындалған тексерудің нысанасы

____________________________________________________________________________

6. Тексеру түрі

____________________________________________________________________________

7. Тексеру жүргізудің мерзімі "___"____20____жыл
"___"_____20___жыл
8. Тексеру жүргізу негіздері

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

9. Тексерілетін кезең "___"_______20____жыл "___"_______20____жыл
10. Хабарламаға қол қоюға уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және
лауазымы

____________________________________________________________________________

Мемлекеттік қызметтер
көрсету сапасын мемлекеттік

бақылау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Тексерудің басталуы туралы хабарлама №_____**

"____"________20____жыл
уақыты _____

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті

органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы

__________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________

2. Тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

және оның лауазымы

__________________________________________________________________________

3. Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, кеңесшілер және сарапшылар туралы

мәліметтер

__________________________________________________________________________

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің,

объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің

атауы, оған қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің

аты (бар болса), оның орналасқан жері, жекесәйкестендіру нөмірі/бизнес-

сәйкестендіру нөмірі, аумақтың учаскесі

__________________________________________________________________________

5. Тағайындалған тексерудің нысанасы

__________________________________________________________________________

6. Тексеру түрі (жоспарлы / жоспардан тыс, жергілікті жерге бару арқылы / лауазымды

адамдарды шақырып және (немесе) материалдарды сұрата отырып жергілікті жерге

бармай тексеру)

___________________________________________________________________________
__
7. Тексеру жүргізудің мерзімі "___"____20____жыл
"___"_____20___жыл
8. Тексеру жүргізу негіздері
___________________________________________________________________________
__
___________________________________________________________________________
__
9. Тексерілетін кезең "___"_______20____жыл "___"_______20____жыл
10. Хабарламаға қол қоюға уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және
лауазымы
___________________________________________________________________________
__

Мемлекеттік қызметтер
көрсету сапасын мемлекеттік
бақылау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Тексеру мерзімдерін тоқтата тұру туралы хабарлама №_____**

"____"________20____жыл
уақыты _____

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті
органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы
___________________________________________________________________________
__
___________________________________________________________________________
__
2. Тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
және оның лауазымы
___________________________________________________________________________
__
3. Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, кеңесшілер және сарапшылар туралы
мәліметтер

____________________________________________________________________________

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің,
объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің
атауы, оған қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің
аты (бар болса), оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, аумақтың учаскесі

____________________________________________________________________________

5. Тексерудің басталуы туралы хабарламаның нөмірі мен күні
№ ____ "____"_________20___ жыл
6. Тексеру жүргізудің мерзімі "___"____20____жыл
"___"_____20___жыл
7. Тексеру жүргізу мерзімі тоқтатыла тұрады "___"____20____жылдан бастап
8. Тексеру жүргізу мерзімі келесі себеппен тоқтатыла тұрады

____________________________________________________________________________

9. Хабарламаға қол қоюға уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы

____________________________________________________________________________

Мемлекеттік қызметтер
көрсету сапасын мемлекеттік
бақылау қағидаларына
4-қосымша
Нысан

**Тексеру мерзімдерін қайта бастау туралы хабарлама №_____**

"____"________20____жыл
уақыты _____

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті
органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

2. Тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

және оның лауазымы

_______________________________________________________________________________

3. Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, кеңесшілер және сарапшылар туралы

мәліметтер

_______________________________________________________________________________

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің,

объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің

атауы, оған қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің

аты (бар болса), оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-

сәйкестендіру нөмірі, аумақтың учаскесі

_______________________________________________________________________________

5. Тексерудің басталуы туралы хабарламаның нөмірі мен күні № ____

"____"_________20___ жыл

6. Тексеруді тоқтата тұру туралы хабарламаның нөмірі мен күні

№ ____ "____"_________20___ жыл

7. Тексеру жүргізу мерзімі тоқтатылып тұр "___"____20____жыл

8. Тексеру жүргізу мерзімі қайта басталады "___"____20____жыл

"___"_____20___жыл

9. Хабарламаға қол қоюға уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы

Мемлекеттік қызметтер
көрсету сапасын мемлекеттік
бақылау қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Тексеру нәтижелері туралы анықтама №_____**

____________________ "____"________20____жыл
анықтама толтырған орын уақыты _____

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті

органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы

___________________________________________________________________________
__

___________________________________________________________________________
__

2. Тексеру жүргізуге негіз болған тексерудің басталғаны туралы хабарламаның күні мен

нөмірі

___________________________________________________________________________
__

3. Тексеру жүргізген уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

және оның лауазымы

___________________________________________________________________________
__

4. Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, кеңесшілер және сарапшылар туралы

мәліметтер

___________________________________________________________________________
__

5. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісінің,

объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің

атауы, оған қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің

аты (бар болса), оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-

сәйкестендіру нөмірі, аумақтың учаскесі

___________________________________________________________________________
__

6. Тексеру жүргізудің мерзімі

___________________________________________________________________________
__

7. Тексеру жүргізу күні, орны және кезеңі

___________________________________________________________________________
__

8. Тексеру нәтижелері, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты

туралы мәліметтер(фабула)___________________________

9. Тексеру жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолы

___________________________________________________________________________
__

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісі басшысының, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдардың анықтамамен танысу немесе танысудан бас тарту туралы мәліметтер, олардың қолдары немесе қол қоюдан бас тарту

__________________________________________________________________________

Ескерту: Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау субъектісі тексеру жүргізген тұлға жүргізетін тыңдауға қатысуға және тексеру нәтижелері туралы анықтаманың жобасына оны алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қарсылық білдіруге немесе ұстанымын білдіруге құқылы.

Тексеру нәтижелері туралы
анықтамаға қосымша

**Тексеру нәтижелері туралы анықтаманы толтыру бойынша түсініктеме**

1. Анықтаманы тексеру жүргізген тұлға (тұлғалар) толтырады.

2. Анықтама оларды толтыру үшін ақпараттың болуына қарамастан, нысанда көзделген барлық бағаналарды қамтуға тиіс. Мұндай ақпарат болмаған жағдайда тиісті бағана толтырылмай қалады.

3. Нысанның 8 тармағында анықталған фактілер туралы ақпарат көрсетіледі:

1) Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу;

2) мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту мерзімдерін бұзу;

3) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде көзделген құжаттардың толық топтамасы болмаған кезде, сондай-ақ онда көрсетілген құжаттар немесе мәліметтер тізбесі заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмеген кезде мемлекеттік қызметтер көрсету;

4) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тізбеде көзделмеген құжаттарды талап ету;

5) ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап ету;

6) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзу;

7) мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту;

8) құжаттардың тізбесі және олардың мазмұны бірдей өтініштер бойынша бірнеше рет бас тартуды ұсыну;

9) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде көзделген жұмыс кестесін сақтамау;

10) Қазақстан Республикасының заңдарымен тегін ұсынуға кепілдік берілген ақылы негізде мемлекеттік қызмет көрсету;

